

Сайдуллаева Гулнур Убайдуллақызы

*Silkway Халықаралық университеті Педагогикалық факультетінің 2 курс
магистранты, п.ғ.д., профессор Молдабек Қ.
Шымкент, Қазақстан*

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ТІЛ ДАМУ АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕЛЕУ

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан» атты жолдауының он жетінші бағытында: бүкіл еліміз бойынша әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізуіміз үшін оқытудың әр оқушының білімі мен қабілет деңгейінің тиімділігін бағалаудың біртұтас жүйесін жасау керек», -деп көрсетті

Тілді меңгерту мәселесі туралы сөз қозғай келіп А.А.Леонтьев былай дейді: «Әдетте психологтар зерттеу жұмысын сөйлеуші адам айтпақ сөзін айқын пайымдап үлгерген тұста бір-ақ бастайды. Осының нәтижесінде сөздің ойдағы нобайынан грамматикалық және лексикалық. тұрғыдан жүзеге асу процесі ғана зерттеледі. Алайда логикалық тәртіп бойынша бұдан бұрынырақ болатын құбылысты зерттеу проблемасы тым сирек қойылып жүр. Қалай айтуды білу үшін ең алдымен не айтуды білу қажет».

«Қалай айту» мен «не айту» мәселелері арасындағы қайшылық тіл дамытудың теориясын зерттеушілер арасында әлі шешімін таппай келеді. Бұл қайшылықтың сақталуының себебін кебінесе осы уақытқа дейін әдістеме ғылымында тілді меңгерту мазмұны дәйекті түрде шешілмеуінен іздеген жөн. Оқыту мазмұны барлық типтегі бастауыш сынып тердегі оқу-тәрбие процесінің басты компоненті екені белгілі. Ол - бастауыш сынып оқушысы мен болашақ маманның жан-жақты жетілуін қамтамасыз ететін, олардың білім мен мәдениетін, кәсіптік біліктілігін, мамандық деңгейін, идеялық сенімі мен азаматтық белсенділігін айқындаушы фактор. Оқу-тәрбие процесінің мазмұнына жалпы білім беретін және кәсіптік бастауыш сынып терге арналған бағдарламаларда айрықша мән берілген.

Соңғы жылдардағы тілші, әдіскер ғалымдардың зерттеу жұмыстарының нәтижесіне жүгінсек, бастауыш сынып оқушыларының көпшілігінің сөздік

қоры жұтаң, сөз тіркестерін, сөйлем және мәтін құрауда дәрменсіздік танытатындығын, оның жүйелі түрде айтып [не жазып] бере алмайтындығын байқауға болады. Мұның басты себебі оқушының сөйлеу формаларын игерудегі дағдысының әлі қалыптаспағандығынан, білімінің жеткіліксіздігі деп санаса, кейбір зерттеушілердің пікірінше, бастауыш сыныптағы тіл дамыту жұмыстары өз дәрежесінде жүргізілмейтіндігінде деп санайды.

Шет ел әдіскер-ғалымдары бала тілін дамытуда грамматиканың атқаратын рөлі жайында әр түрлі көзқараста.

Орыс тілін оқытуда грамматиканың теориялық та, практикалық та мәнін теріске шығарған әдіскерлер оның тіл дамытудағы рөлін майындамады. Ал грамматиканың теориялық білім беретін мәнін мойындаған әдіскерлер оның практикалық жағын теріске шығарып, тіл дамытуға оның еш қатынасы жоқ дегенді айтады.

Тіл дамыту салаларын анықтауға арналған ғылыми-зерттеу жұмыстарында, әр түрлі пікір айтылуда. Кейбір әдіскер-ғалымдар тіл дамытуға сөз мағынасын игертуге байланысты жүргізілетін жұмыстарды жатқызса, академик А.В.Текучев сөздік жұмыстарын, оның ішінде тұрақты сөз тіркестерімен жүргізілетін жаттыруларға ерекше мән береді. А.Ю. Купалова тіл дамытуда сөйлем құра білу дағдыларын қалыптастырудың рөліне ерекше мән береді.

Бұл мәселе жөнінде қазақ ғалым-әдіскерлердің пікірлерінде де бірізділік жоқ. Мәселен, Р.Әміров «Бірінші сыныпта оқушылардың тілін дамыту үшін істелінетін жұмыстар» деген еңбегінде тіл дамытудың мазмұны мен салаларына тоқталмай, бірінші сынып оқушыларының тілін дамытудың мәселелеріне жалпы шолу жасап, жекеленген әдіс-тәсілдерге тоқталады [26,45]. Б.Қәтембаева бала тілін дамытуда мазмұндама жаздыру, белгілі тақырып бойынша әңгіме құрастыру, көрген фильм, спектакль жайында ауызша және жазбаша пікір айту сияқты жұмыс түрлерін және бұл жұмыстарды грамматикалық категориялармен ұштастырып жүргізуді ұсынады. «Сөздерді үйрете отырып және сөзжасам формаларын, сөз бен

сөздің байланысу, тәсілдерін меңгерту, сөйлем құрап, ойын жазбаша сауатты бере білуге жаттықтыру, ауызша ойын дұрыс, жүйелі айтып беруге, сөйлей білуге мақсат етіледі. Сонда осы үш процесс сөздік жұмыс, сауатты жазу, оны ауызекі жүйелі айта білу күнделікті өтілетін грамматикалық тақырыппен байланысты, біртұтас жүргізіліп отырылса ғана тіл дамыту жұмысын жүйелі жоспармен, белгілі мақсатпен өткізіледі» — дейді.

Х.Арғынов тіл дамыту жұмыстарына: әңгіме құрастыру, шығарма, мақал, күнделік жаздыруды жатқызады. Тіл дамыту жұмыстары тіл туралы мәлімет беріліңістилистика, қазақ орфографиясы мен орфоэпиясы тақырыптарына байланысты жүргізіледі. Олар мәтін талдау, әр түрлі жазба жұмыстарын орындау, әңгімелесу т.б. түрлі әдіс-тәсілдер арқылы іс жүзіне асырылады» - дейд. Т.Әбдікаримова бас-тауыш сыныптарда оқушы тілін дамыту мәтінмен жұмыс алып бару қажеттігін және «Ана тілі» оқулығымен тікелей байланысты жүргізілуі тиіс деп біледі.

Бала тілін дамытудың теориялық негіздері жайында көптеген тұжырымдар мен пікірлер айтқан әдіскер ғалым С.Рахметова тіл дамыту жұмыстарын үш салаға бөледі: 1] сөздік жұмыстар: 2] сөз тіркесі және сөйлеммен жұмыс: 3] байланыстырып сөйлетуге дағдыландыру жұмыстары.

Тіл дамытудың салаларын анықтауда сөйлеу не тілдің қызметін негіз етіп алу тілді оқыту мен оның әдістемесіне сай келе бермейді. Өйткені қазіргі кезде бастауыш сынып те ана тілін оқыту, сөйлеу немесе оны жеткізу әдіс-тәсілдерін емес, тілдік құрылысты меңгерту мақсат етіледі. Ойды жеткізу тәсілдері, тіл шеберлігі, тілдік құрылыстың негізінде жүзеге асады. Олай болса, тіл дамыту жұмыстарының салаларына негіз етіп бастауыш сынып тегі қазақ тілі курсындағы тілдің негізгі единицаларға сәйкестілікті алу қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әміров Р. Бірінші класта оқушылардың тілін дамыту үшін істелінетін жұмыстар. А., 1967.